

"Жеңіл өнеркәсіп" акционерлік компаниясы" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы және "Мақсат" акционерлік қоғамы тартқан мемлекет кепілдік берген қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 1268 қаулысы

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңының 25-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 мамырдағы N 0000045 мемлекеттік кепілдігін орындау жолымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратылған "Жеңіл өнеркәсіп" акционерлік қоғамы" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы және "Мақсат" акционерлік қоғамы тартқан мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 081 "Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулының 1-тармағынан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі